

Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2018 жылдың қаңтарынан наурызына дейін Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының аумағында тіркеуді және медициналық куәландыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімінің 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 8 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 желтоқсанда № 4430 болып тіркелді

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16 бабына, "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылдың 24 қаңтардағы № 28 бұйрығына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қазақстан Республикасының тіркелу жылы он жеті жасқа толатын ер азаматтарын "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) шақыру учаскесінде 2018 жылдың қаңтарынан наурызына дейін тіркеу және медициналық куәландыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімінің басшылық ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"
"Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданының қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі" республикалық
мемлекеттік мекемесінің бастығы
2017 жылғы 06 желтоқсан

Д. Байтөлешов

А. Рақышев